

Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі туралы ұлы Абай «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі — қазақтың әулиесі сол»-дейді . Осы тұрғыда №6 Хромтау гимназиясының «Адал ұрпақ» клубының мүшелері қазан айында 11 сынып білім алушыларымен "Адалдық- адам мінезіндегі бағалы қасиет" тақырыбында адалдық сағатын өткізді. Адалдық сағатының мақсаты білім алушыларға адам бойында адалдық пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің қалыптасқан нормаға сай болуы керектігін ұғындыра отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

